

Республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламалар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 26 мамырдағы N 434 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қыркүйектегі N 1411 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстанның техникалық үрдісінің мемлекеттік ұлттық бағдарламасының құрамдас бөлігі болып табылатын республиканың ғылыми-техникалық прогресінің басым бағыттары бойынша республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламаларының қоса беріліп отырған тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламаның жобасын жасауға жауапты бас ұйымдарды белгілеп, бекітетін болсын, сөйтіп осы бағдарламаның жобаларын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізісін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.09.11. N 1378 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігіне аталған бағдарламалар бекітілгенге дейін оларды жасайтын бас ұйымдарға қажетті аванс беруге рұқсат етілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 26 мамырдағы
N 434 қаулысымен
Бекітілген

Республикалық мақсатты ғылыми-техникалық
бағдарламалардың

Тізбесі

1. Кен-металлургия кешенінің ресурс үнемдеуші аса тиімді технологиялары негізінде минералды шикізатты кешенді пайдалану.

2. Қазақстан Республикасында биотехнологиялық өнім өндіруді

ғылыми-техникалық қамтамасыз ету және ұйымдастыру.

3. Қазақстан Республикасының халық шаруашылығын ақпараттандыру.

4. Қазақстанда атом энергетикасын дамыту.

5. Ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелер үшін радиоэлектрондық аспаптар мен құралдарды әзірлеу, жасау және дамыту.

6. Ғаламдық экологиялық және табиғи-ресурс мониторингін жасау.

7. Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық ақпаратының мемлекеттік жүйесін дамыту.

8. Мұнай қалдықтарын, амбарлық және өңделмеген мұнайды, оның ішінде аз өнімді және шалғай құбырлардан шығатын мұнайды жинаудың дайындау мен өңдеуге арналған шағын зауыттарды әзірлеу мен өндірістік игеру.

9. 2002-2006 жылдарға арналған "Қазақстан Республикасының фармацевтика өнеркәсібін дамыту үшін бірегей фитопрепараттарды әзірлеу және өндіріске енгізу.

10. Агроөнеркәсіп кешенін ғылыми қамтамасыз ету.

10-1. *Алынып тасталды - 2003.03.21 N 288 Қаулысымен.*

11. Машина жасауды дамытудың және тиімділігі жоғары машиналар мен жабдықтарды жасап шығарудың ғылыми-техникалық проблемалары.

12. *Алынып тасталды - 2008.04.23 N 381 Қаулысымен.*

13. *Алынып тасталды - 2003.03.21 N 288 қаулысымен.*

14. Инновациялық өндірістерді ғылыми-техникалық қамтамасыз ету.

15. *Алынып тасталды - 2008.04.23 N 381 Қаулысымен.*

16. *Алынып тасталды - 2005.04.05 N 307 Қаулысымен.*

17. 2004-2006 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі үшін өсімдіктер мен жануарлардың аса қауіпті инфекциялары қоздырғыштарының мониторингін және генетикалық картасын жасауды ғылыми-техникалық қамтамасыз ету.

18. Инфекцияға қарсы жаңа препараттарды әзірлеу.

19. Әр түрлі мақсаттағы перспективалық жаңа материалдарды әзірлеу.

20. 2007-2009 жылдарға арналған»"Қазақстан Республикасында фармацевтикалық кластерді дамытуға арналған бірегей, экспортқа бағдарланған фитопрепараттарды әзірлеу және оның өндірісін ұйымдастыру.

Ескерту. Тізбеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.10.24. N 1294 , 1996.12.09. N 1502 , 1995.08.21. N 1142 , 1998.01.09. N 2 , 1999.01.08. N 15 , 2000.08.01. N 1167 , 2000.09.11. N 1378 , 2000.12.29. N 1956 , 2001.03.16. N 353 , 2001.06.26. N 871 , 2001.07.24. N 996 , 2003.03.13. N 243 , 2003.03.18. N 263 , 2003.03.21. N 288 , 2004.02.04. N 135 , 2004.02.06. N 147 , 2004.02.17. N 187 , 2004.06.25. N 703 , 2005.04.05. N 307 , 2006.04.13. N 274 , 2007.05.24. N 417 , 2008.04.23 N 381 Қаулыларымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК